

СӘУІР-МАЙ АЙЛАРЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНДЕ Орта Азия тасбақалары қыстан аман шығып, ояна бастайды. Тұмса табиғатта осы жорғалаушыны кезіктіріп қалсаңыз, оны «құтқарудың» керегі жоқ; шөл ландшафтылары – Орта Азия тасбақаларының табиғи мекен ортасы.

ТАСБАҚАНЫҢ ҮЙІ – ТАБИҒАТТА

Заңнан тыс аулау – Орта Азия тасбақаларына төніп тұрған басты қауіп. Қазақстанда тасбақаларды заңсыз аулау әрекетіне 140 АЕК түріндегі айыппұл жазасы кесіледі (ҚР ӘҚТК 389-бап).

Тасбақаға көмектесу үшін


- оны табиғи ортасынан алып кетпеңіз
- зоодүкендерден сатып алмаңыз
- заңсыз аулап, басқа елге тасымалдайтын адамдардан аулақ болыңыз, бұл – қылмыс.

Көшеде тасбақаны көріп қалсаңыз, не істемек керек?

Тасбақаны қалада немесе оның мекен ортасынан тыс жерде көріп қалсаңыз, үйіңізге уақытша ала кетіп, Тасбақа қорының адамдарына хабарласыңыз.

Табиғатты қорғайтын Тасбақа қоры бүкіл Қазақстандағы Орта Азия тасбақаларын жинап, емдейді де, табиғи мекен ортасына қайта жібереді.

ОРТА АЗИЯ ТАСБАҚАСЫ СИТЕС, немесе халықаралық жойылып кету қаупі төніп тұрған жабайы фауна мен флора түрлерін саудаға салу туралы Конвенция тізіміне кіреді. Бұл тасбақаларды Қазақстаннан экспорттауға СИТЕС соңғы рет 2001 жылы рұқсат берген. Одан кейінгі экспорттың барлығы — контрабанда!



@TASBAQA_KZ

tabigat
media

Дайындаған:

ECOSTAN
NEWS